Также важно остановиться на работе Ф. Грейвса [19] «Клиентология. Чего на самом деле хотят ваши покупатели». В работе говорится настоящих приёмах и кейсах успешных маркетинговых исследований и проектов. В этой работе не просто написано о том «как нужно делать», здесь автор разбирает стандартные ошибки и даёт практические советы. В течение всей книги речь идёт о сознательном и бессознательном, об опросах и их результатах, о фокус-группах и ошибках маркетологов и другом. Например, автор неоднократно говорит о проблеме «дисбаланса между сознательным процессом оценки и, как минимум, частично бессознательным процессом покупки». Вдобавок, важно сказать, что и М. Линдстром [16] об этом говорил: «Мы не всегда поступаем и выражаем свои эмоции сознательно ... Именно поэтому истинные эмоции и реакции при покупке, вероятно, следует искать в мозге». Ф. Грейвс [19] говорит о том, что «главная проблема исследований кроется в самой природе сознания. Поскольку люди умеют объяснять и убеждены, что их поступками управляет сознание (хоть это и не так), а также, что они могут сознательно анализировать свои действия, на вопросы всегда найдутся ответы». Здесь автор намекает на то, что ответы клиентов могут лечь в удобную постоянную схему. Это говорит о том, что нужно очень внимательно выстраивать все этапы исследования и правильно подбирать методику выявления болей целевой аудитории. Таким образом, в вышеупомянутые авторы акцентируют внимание на методиках по выявлению болей целевой аудитории на Базовом уровне. К методикам этого уровня относят короткие опросы, исследование ЦА у конкурентов, изучение тематических форумов, социальных сетей, отзывов, работу с отделом продаж (сбор запросов и возражений), аналитику поисковых запросов. Однако, чтобы наиболее точно определить боли вашей целевой аудитории нужно проводить исследование на Продвинутом уровне.

Здесь стоит использовать комбинацию таких известных методик, как SCORE и Customer Development. Суть методики SCORE заключается в том, чтобы фокусироваться на определённых точках и благодаря этому собрать информацию за меньшее количество шагов. Применяется в бизнес-переговорах эта методика начала не так давно, так как изначально модель использовалась в психотерапии. SCORE помогает собрать информацию о клиенте и качественно диагностировать его проблемы. В абзацах может быть много вопросов, главное, чтобы все они были сосредоточены на одной теме. На первом шаге выясняем симптомы, спрашиваем его о том, что устраивает, что нет, какие бы изменения он хотел видеть. Второй шаг – установка причин. Почему клиент принял именно это решение, что привело его в такие обстоятельства и так далее. На третьем шаге фиксируем результаты. Пусть клиент представит свой дело в будущем, каким он его видит после устранения «симптомов». Предпоследний шаг – ресурсы. Здесь спрашиваем о том, что может помочь клиент справиться с его трудностями. И на последнем, пятом, шаге выясняем эффект. Здесь нужно узнать о том, что даст решение проблемы клиенту [11]. Методика Customer Development – это подход в бизнесе, который ориентируется на клиента. То есть, предлагаемый продукт, должен в полной мере решать проблему потребителя. Для достижения этого сначала нужно выявить проблемы и только потом – приступать к разработке продукта. Процесс Customer Development состоит из четырех ключевых этапов:

- обнаружение клиентов;
- подтверждение клиентов;
- создание клиентов;
- построение компании.

Таким образом, Customer Development – это методология по созданию новых продуктов. В процессе работы практически на каждом этапе проверяются гипотезы для получения определённых инсайтов. Гипотезы можно проверить с помощью следующих инструментов: проработка методов продаж, тестирование маркетинговых каналов, общение с экспертами из индустрии, опросы и глубинные интервью. На определенном этапе Customer Development выделился в отдельную ветку под названием “custdev”. Здесь уже идёт фокусирование на глубинных интервью [20]. Customer Development достигается пятью шагами:

- ищем потребность, проблему;
- проверяем гипотезу и её решения;
- валидируем количественно;
- валидируем монетизацию;
- вносим итерационные улучшения.

Например, одна клининговая компания для своего развития решила проверить 3 гипотезы. В следствии проведённого опроса с помощью метода Customer Development было выявлено, что словосочетание «генеральная уборка» вызывает у людей лучшие ассоциации, чем слово «клининг». После этого было принято решение сделать рассылку, используя первое словосочетания [12]. Таким образом, на каждом уровне исследования существует ряд своих методик. Вы можете использовать их поодиночке или же в комбинации. В результат проделанной работы, вы получите боли вашей целевой аудитории, которые можно по категориям:

– технические: когда товар приобретается через интернет-магазин, покупатель может столкнуться с большим количеством трудностей: регистрация на площадке сайта, оплата за товар и его доставку. Если сам сайт неудобный, то во время покупки клиент мучается с оформлением, и как результат может отказаться от покупки;

– требующие принятия решения: если проблему возможно решить не одним, а несколькими способами, то стоит найти наиболее подходящий способ, который будет предложен вами как специалистами. Не все легко могут делать выбор, большинство постоянно сравнивает и на этом этапе застревает;

– психологические: в качестве примера можно привести покупку товаров в интим магазине. У покупателя может возникнуть чувство стеснения, либо боязни что его поймут неправильно;

– социальные: во время покупки потребители ориентируются на то, что о них подумают окружающие, друзья, коллеги, родственники. Это тоже является болью и это нужно вовремя обнаружить, принять и работать с этим.

В качестве итога можно сделать вывод, что для выявления ключевых болей вашей целевой аудитории вам не обязательно иметь много финансов и прочих ресурсов. Такое исследование можно провести и с помощью простых и недорогих методик. Но, если, у вас крупная компания, которая может себе позволить более затратное исследование, то лучше провести его на Продвинутом уровне.

Выводы

Боли целевой аудитории – это специфические проблемы, с которыми сталкиваются ваши потенциальные или действующие клиенты и, которая может быть решена с помощью вашего товара или услуги. Принято считать, что главные источники боли это: недостаток ресурсов, нехватка информации и собственной компетенции, самокритичность, чувство неудовлетворенности и эмоциональное напряжение. В процессе исследования были систематизированы и классифицированы методики по выявлению ключевых болей целевой аудитории, исходя из уровня исследования. К Базовому уровню относят достаточно не затратные и, не требующие большого количества ресурсов, методики. Это короткие опросы, исследование ЦА у конкурентов, изучение тематических статей, соц. сетей и отзывов, аналитику поисковых запросов, работу с возражениями и так далее. К более перспективным и ёмким методикам относятся модель SCORE и метод Customer Development, которые используются на Продвинутом уровне исследования болей клиентов.

В результате комбинаций существующих методик и правильного подхода к применению методологий, важно отметить, что все варианты для выявления болей целевой аудитории имеют свои точки применения. Где-то это технические вопросы, где-то психоэмоциональные моменты и прочее. Материалы данной статьи могут быть полезны для всех, кто работает в сфере маркетинга и продаж, так как люди не покупают продукт или услугу, они покупают результат. А результат – это и есть их решённая проблема, то есть снятая боль. Понимание, анализ и категоризация болей клиентов поможет завоевать их

доверие и лучше продавать ваш продукт. Нужно сфокусироваться на том, что заставляет ваших нынешних и будущих покупателей испытывать страх и дискомфорт, и превратите эти боли в свои преимущества. Ведь, залог успешной продажи – выявить потребности и проблемы, предложить решения и закрыть боли. Поэтому, специалистам нужно периодически собирать информацию, проводить анализ и корректировать деятельность компании.

Литература:

1. Боли клиентов в маркетинге при анализе ЦА [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://neurokit.ru/boli-klienta> (дата обращения: 08.09.2021).
2. Боли целевой аудитории [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://spravochnick.ru/marketing/boli_celevoy_auditorii/ (дата обращения: 08.09.2021).
3. Wildwood L. How to find your audience's biggest pain points [Electronic resource]. – Access mode: <https://bloggingwizard.com/audience-pain-points/> (date of application: 08.09.2021).
4. Блэкуэлл Р., Миниард П., Энджел Дж. Поведение потребителей. – Санкт-Петербург: Питер, 2007. – 943 с.
5. Gilbert A., Churchill T., Brown J. Basic marketing research. – Nashville: South-Western College Publishing, 2002. – 342 p.
6. Arieli D. Predictably irrational, revised and expanded edition: The hidden forces that shape our decisions. – New York: Harper, 2010. – 384 p.
7. Александрова Н.Н. Основы научных исследования [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://cutt.ly/KW1497Z> (дата обращения: 09.09.2021).
8. «Боли клиента»: как их определить и использовать в текстах [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://content.ua/blog/boli_klienta_kak_ih_opredelit_i_ispolsovat (дата обращения: 09.09.2021).
9. Бацман Т. Как найти и вылечить боли клиентов? Гайд по работе с проблемами ЦА [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://cutt.ly/IOXyOсM> (дата обращения: 09.09.2021).
10. Juliette E. 11 easy ways to find your audience's pain points [Electronic resource]. – Access mode: <https://tweakyourbiz.com/marketing/blogging/audience-pain-points> (date of application: 10.09.2021).
11. Как, где и зачем используется модель SCORE? Объясняем на пальцах [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://leadstartup.ru/db/score-model> (дата обращения: 10.09.2021).
12. Методология Customer Development – что такое “CustDev” и практика «кастдева», интервью, исследования, примеры [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://leadstartup.ru/db/customer-development> (дата обращения: 10.09.2021).
13. Customer Discovery – поиск и изучение клиента нового продукта [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://leadstartup.ru/db/customer-discovery> (дата обращения: 11.09.2021).
14. Customer Validation – валидация гипотез ценности и роста в стартапе [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://leadstartup.ru/db/customer-validation> (дата обращения: 11.09.2021).
15. Что такое боли клиента и как их определить [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.kom-dir.ru/article/3191-boli-klienta> (дата обращения: 11.09.2021).
16. Lindstrom M. Buyology: Truth and lies about why we buy. – Sydney: Currency, 2010. – 272 p.
17. Shostak A. 5 secrets to discovering customer pain points [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.copypress.com/blog/5-secrets-discovering-customer-pain-points/> (date of application: 12.09.2021).
18. Kaden R. Guerrilla marketing research: Marketing research techniques that can help any business make money. – Seattle: Create Space, 2006. – 252 p.
19. Грейвс Ф. Клиентология. Чего на самом деле хотят ваши покупатели. – Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2012. – 256 с.
20. Якубенков О. Customer Development и Custdev. Что это такое и в чем разница? [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://gopractice.ru/customer-development-custdev/> (дата обращения: 12.09.2021).

References:

1. Customer pain in marketing when analyzing target audience. 2020. <https://neurokit.ru/boli-klienta>.
2. Pain of the target audience. 2019. https://spravochnick.ru/marketing/boli_celevoy_auditorii/.
3. Wildwood, L. 2021. How to find your audience's biggest pain points. <https://bloggingwizard.com/audience-pain-points/>.
4. Blackwell, R., Miniard, P., Angel, J. 2007. Consumer behavior. St. Petersburg: Peter.
5. Gilbert, A., Churchill, T., Brown, J. 2002. Basic marketing research. Nashville: South-Western College Publishing.

6. Arieli, D. 2010. *Predictably irrational, revised and expanded edition: The hidden forces that shape our decisions*. New York: Harper.
7. Alexandrova, N.N. 2015. *Fundamentals of scientific research*. https://www.irgups.ru/sites/default/files/uuzht/konspekt_lekciy_po_oni.pdf.
8. “Client pains”: How to define and use them in texts. 2020. https://content.ua/blog/boli_klienta_kak_ih_opredelit_i_ispolsovat.
9. Batsman, T. 2021. *How to find and heal clients’ pains? Guide to dealing with target audience problems*. <https://cutt.ly/IOXyOcM>.
10. Juliette, E. 2020. *11 easy ways to find your audience’s pain points*. <https://tweakyourbiz.com/marketing/blogging/audience-pain-points>.
11. How, where and why the SCORE model is used? *Explaining on the fingers*. 2021. <https://leadstartup.ru/db/score-model>.
12. *Customer Development methodology – what is “CustDev” and the practice of “castedev”, interviews, research, examples*. 2021. <https://leadstartup.ru/db/customer-development>.
13. *Customer Discovery – finding and studying a new product customer*. 2021. <https://leadstartup.ru/db/customer-discovery>.
14. *Customer Validation – validation of value and growth hypotheses in a startup*. 2021. <https://leadstartup.ru/db/customer-validation>.
15. *What is client pain and how to define it*. 2020. <https://www.kom-dir.ru/article/3191-boli-klienta>.
16. Lindstrom, M. 2010. *Buyology: Truth and lies about why we buy*. Sydney: Currency.
17. Shostak, A. 2020. *5 secrets to discovering customer pain points*. <https://www.copypress.com/blog/5-secrets-discovering-customer-pain-points/>.
18. Kaden, R. 2006. *Guerrilla marketing research: Marketing research techniques that can help any business make money*. Seattle: Create Space.
19. Graves, F. 2012. *Clientele. What your customers really want*. Moscow: Mann, Ivanov and Ferber.
20. Yakubenko, O. 2019. *Customer Development and Custdev. What is it and what is the difference?* <https://gopractice.ru/customer-development-custdev/>.

ӘОЖ 81'25

Бердімұхамед Аян Азаматқызы
Berdimukhamed Ayan Azamatkызу

Алматы,
Қазақстан
berdimukhamed
@gmail.com

ТЕХНИКАЛЫҚ АУДАРМАНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ

ГЛАВНЫЕ АСПЕКТЫ ТЕХНИЧЕСКОГО ПЕРЕВОДА

THE MAIN PECULIARITIES OF TECHNICAL TRANSLATION

Аңдатпа: Мақалада техникалық мәтіндерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару барысында туындайтын негізгі мәселелер қарастырылған. Бүгінгі күні қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық әдебиеттерге деген сұраныстың артуы аударма технологиясын жақсарту мен салалық техникалық терминология құрастыруды талап етуде. Ал техникалық аударма түпнұсқа мен аударма тілдерін жетік меңгеруді ғана емес, техникалық мәтіндер стилін, салалық терминология білімін қажет етеді. Мақалада техникалық мәтіндерді аударудың негізгі мәселелері бойынша аталған тұжырымдар техникалық мәтіндерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару мәселесін әрі қарайғы зерттеу жұмысының негізі болып табылады.

Түйін сөздер: техникалық аударма, эквиваленттілік, мәтін, терминология, транслитерациялау, транскрипциялау, калькалау.

Аннотация: В статье рассмотрены основные проблемы, встречающиеся при переводе технических текстов. На сегодняшний день повышение спроса на научно-технические тексты порождает необходимость развития технологии перевода и создания отраслевой технической терминологии. Сам технический перевод требует от переводчика не только владение иностранным и родным языком, но и знания в области стилей технических текстов, отраслевой терминологии. Выводы сделанные в данной статье относительно главных проблем перевода технических текстов являются основой для изучения темы перевода технических текстов с английского на казахский язык.

Ключевые слова: технический перевод, эквивалентность, текст, терминология, транслитерация, транскрипция, калькирование.

Abstract: The article describes the main problems faced in translation of technical texts from English into Kazakh. Today due to increasing demand in scientific-technical literature in Kazakh language, it became necessary to enhance translation technologies and create technical terminology by fields. Technical translation is not only about being fluent in source and target languages it also requires knowledge in technical texts' style and specialized terminology. The findings concerning the technical translation problems made in this article provide a basis for further research on this issue.

Keywords: technical translation, equivalence, terminology, transliteration, transcription, calque.

Адам өміріндегі әркімге іс-әрекеттерге сай мәтін стильдері де бірнешеге бөлінеді. Тілдік стильдер «қарым-қатынас барысында белгілі бір қызметке ие және нақты бір нәтижеге мақсатталған, үйлестірілген және өзара байланысқан жүйе» ретінде анықталады [1]. Стильдер адам өміріндегі өзгерістер мен прогреске сай әрқашан даму үстінде болады. Соның бірі – ғылыми-техникалық стиль. А.Б. Барсақбаеваның пікірінше, «Ақпараты бар мәтіндер аудармасы ақпараттық аудармаға жатады. Бұл аударманың негізгі мақсаты оқырманға эстетикалық әсер ету емес, тек информация, ақпаратты жеткізу» [2]. Соңғы жылдары технология мен арнайы мамандықтар қарқын алғандықтан бұл стиль өз ішінде көптеген жаңа арнайы стильдерге тарады. Бүгінгі күні ғылымның әр саласының өз терминологиясы бар. Сондықтан техникалық аударма – аударманың ең қиын түрлерінің бірі. Ол аударманың басқа

түрлерінен арнайы терминологиясымен мазмұндау стилімен ерекшеленеді. Бұл туралы А.Н. Паршин: «ғылыми-техникалық стильдің бір қасиеті – ғылыми-техникалық материалдардың лексико-грамматикалық ерекшеліктері, терминология мен арнайы лексиканың жетекші рөлі» дейді [3]. Техникалық аудармашыға тілбілімімен қатар аударма негізделген салалық білім қажет.

Ғылыми және технологиялық даму техникалық ақпарат ағымының қиындауымен қатар мамандандырылған ғылыми және техникалық аудармаға деген талаптарды күшейтіп, оларды зерттеудің жаңа бағыттарын іздестіруге итермелеуде.

Аударманың бұл түрі өзіндік ерекшелікке ие болғандықтан, техникалық құжаттаманы сапалы аудару үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Бұл ерекшелік техникалық мәтіндер белгілі бір технологиялық үрдісті баяндау үшін туындағандықтан, аудармашының қандай да бір мұқиятсыздығы келеңсіз жағдайларға әкеп соғатындығында. Сондықтан техникалық құжаттар аудармасы түпнұсқа мәтіннің мағынасын ерекше мұқияттылықпен жеткізуі аса маңызды. Әрқилы, тіпті аса қиын техникалық әдебиеттің аудармасы аударма тілінде түсінуге оңай және семантикалық жағынан анық болуы тиіс.

Техникалық аударма - техникалық және арнайы құжаттама аудармасы. Бұл арнайы тәсілдерді қолдануды талап ететін аударманың ең қиын түрлерінің бірі. Техникалық аударма еркін аударма емес, онда эмоциялық тұжырымдамалар мен бағалау мүлдем жоқ. Жоғары дәрежелі техникалық аударма түпнұсқа құжаттың стилін сақтауды талап етеді. Барлық ғылыми және техникалық құжаттарға тән белгілер: қысқа әрі нұсқа баяндау, техникалық терминологияны қатаң сақтау, ақпараттың логикалық байланысы, бірмағыналылық және фактілерді сипаттаудағы дәлділік [4]. Техникалық аудармашы аударма тақырыбының саласында аса білімді болып, терминдерді еркін түсініп, қолдана алуы тиіс. Бұл әртүрлі ғылыми және техникалық салалардағы терминдердің бірнеше мағына беруімен тығыз байланысты. Аудармашы мәтінді жақсы түсініп ғана қоймай, мәтін стандарттарына сай дұрыс аударуы қажет. Сондықтан түпнұсқа тілі мен аударма тілдерін бірдей жоғары деңгейде меңгеру аса маңызды [5].

Техникалық аударма техникалық мәтіндерді «аудару» деген көзқарас бар. Бірақ «техникалық» мәтін концептісінің өзі екіұшты. Ғылыми мәтіндер техникалық қасиеттерін сипаттап қана қоймай, ғылыми, экономикалық, саяси немесе басқа да салалармен ұштасады. Ғылыми және техникалық прогресстің ерекшелігі арнайы терминологияның бір саладан екінші салаға таралуында. Мысалы, байланыс жүйелері саласындағы техникалық мәтінді аудару барысында телекоммуникация, радиоэлектроника, микроэлектроника, инженерия, т.б. арналған салалық және түсіндірмелік сөздіктерді қатар қолдану қажет. Ал техникалық аударма үрдісіндегі жаңа терминологияның қалыптасуы – қазіргі күннің ең үлкен мәселелерінің бірі.

Расында да ғылым мен технологияның дамуы - күн сайын жаңа сөздер мен терминдердің жарық көруінің бірден-бір себебі. Нәтижесінде, аудармашы жаңа техникалық терминдерді аударма тіліне аударуда қиындықтарға тап болады. Себебі түпнұсқа тілі мен аударма тілі терминологиялық дамуы жағынан бірдей аяқ баспайды. Мысалы, құрылыс және архитектура тілі күннен күнгежанаруда. *Absorber*, *gabion*, *kaolinite* терминдерінің қазақ тілінде эквиваленттері жоқ. Бұл жағдайда аудармашы транслитерация немесе транскрипциялау тәсілдерін қолданса, аударма толыққанды түсінікті болуы екіталай. Сондықтан бұл аударма саласындағы ең қиын мәселе деп танылып, терминология техникалық аудармашы үшін негізгі қиындық ретінде қарастырылуда.

Терминдердің лексикалық құрамындағы ерекшеліктердің бірнеше объективті лингвистикалық себептері бар: кейде тілдердің грамматикалық табиғатының салдарынан құрамына зат есім немесе атаулар тобы кіретін ағылшын тіліндегі құрылыс саласының терминдерін қазақ тіліне морфо-синтактикалық өзгерістерсіз аудару мүмкін емес: *node point* – түйіндік нүкте, *tile hip* – валмалы жабыңқыш, *gauge cock* - сусынағыш кран, *trade effluent* - өнеркәсіптік ақпасу, *velocity head* – жылдамдықтың тегеурін. Бұл факт аудармада транскрипция, транслитерация мен калькалауды эквивалентсіз терминологияны аударудың мәжбүрлі тәсілдері ретінде қолдануға мүмкіндік береді: *excavator* – экскаватор, *circulation* – циркуляция, *cistern* – цистерна, *facade* – фасад, *gas-holder* – газгольдер. Мұндай сөздер «кірме сөздер» деп аталады. Дегенмен, құрылыс саласындағы терминдер аудармасының тағы бір практикалық қиындығы бар: ол аудармашыдан ағылшын тілімен қатар қазақ тілінің де терминдерін түсінуін талап етеді. Мысалы, *moving-from construction* – кергіш құрылымдар, *register of building work amount* - жұмыс көлемдерінің тізімдемесі, *roof batten* – торлау, *Y-voltage* – фазалық кернеу, *design concept* – құрылымдық шешім. Сол себепті қате аудармаға жол бермеу мақсатында калькалау тәсілін ерекше сақтықпен қолдану аса маңызды.

Техникалық мәтіндерді аудару, сондай-ақ техникалық жоғары оқу орындарында шет тілін оқыту барысында тіларалық ұқсас синонимдер, омонимдер мен паронимдерді салыстыру мәселесі туындайды. Екі тілде айтылу және графикалық формалары жағынан ұқсас, бірақ әртүрлі мағына беретін сөздер

аудармашыны шатастырулары мүмкін: «simulation programme» тіркесі «үлгілеуші бағдарлама» деп аударылады. Сондай-ақ тіларалық паронимдер туралы ұмытпаған жөн. Паронимдер – формалары жағынан ұқсас болмағанымен, қате ассоциациялар тудыратын, мағыналары әртүрлі сөздер. Аудармашылар тілінде бұл сөздерді false friends (жалған достар) депте атайды. Мысалы, «abstract» сөзі еріксіз түрде «абстракттылы» сөзімен ассоциацияланады, бірақ техникалық аудармасы – 1) жерді пайдалану туралы құжат; 2) лифт қондырғысына тапсырыс бланкі.

Жоғарыда аталған мәселелердің салдарынан техникалық тілдегі ассоциацияланатын сөздердің стилистикалық сипаттамаларының нақты және жорамалды айырмашылықтарының тізімін жүргізу қажеттілігі туындайды. Осы типтес көптеген сөздердің аудармадағы стилистикалық айырмашылықтары өзара ауыстыруға мүмкіндік бермей, аударма мағынасын бұрмалайды: мысалы, budget building design – құрылыстық смета, actual working time – пайдаланудың нақты ұзақтығы секілді құрылыс терминдері басқа аудармамен ассоциацияланады. Техникалық, ғылыми-техникалық мәтіндерді аударуда «аудармашының жалған достары» мәселесі өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл ерекшелік сандық әрі сапалық сипаттамада айқын байқалады. Халықаралық терминдер осы топтағы сөздердің көп бөлігін құрайды (мысалы, market – нарық, design – дизайн, style – стиль, т.б.).

Ал аударма барысындағы лингвистикалық қиындықтар жайлы сөз қозғалғанда, грамматика мен лингвистикалық құрылым мәселелері аталады. Аудармадағы грамматикалық мәселелер екі деңгейлі: морфология және синтаксис. Морфология біріктіру, модуляция мен терминалмасымды зерттесе, синтаксис сөйлемдегі сөздердің орналасуы мен байланысына көңіл бөледі. Тілдің синтактикалық құрылымы белгілі бір тілде хабарлама берілу жолына қарай әртүрлі мағыналардың берілуіне негіз болады. Жалпы, тілдегі таңдаулар екі түрлі: грамматикалық және лексикалық. Аудармада осы екі таңдау арасындағы ең маңызды ерекшелік – лексикалық нұсқалар ерікті болса, грамматикалықтары міндетті болатындығында. Тағы бір ерекшелігі - грамматикалық құрылымдар лексикалық құрылымдарға қарағанда әлдеқайда тұрақты, өзгерістерге көне бермейді. Тілді жаңа сөздер, терминдер мен концептілермен толықтыру оның қандай да бір грамматикалық құрылысын немесе жүйелерін өзгертуге қарағанда айтарлықтай оңайырақ. Яғни, тілдің грамматикалық жүйелеріндегі өзгерістер жасырын болса, лексикалық өзгерістер қайта кодталуға икемді келеді.

Техникалық мәтіндерді аудару мәселелері техникалық терминдердің лексикалық құрамының күннен күнге баюымен қоса артуда. Аталған сөздердің қатарының өзгеруі жаңа кірме сөздер мен олардың қолданылу аясының кеңеюімен түсіндіріледі. Жаңа кірме сөздердің пайдалануда ағылшын тілінің жоғарыда аталған ерекшеліктерімен байланысты көптеген қателіктер (грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық) орын алады. Олар өз кезегінде қате аударма тууына жол ашу қаупі жоғары. Мысалы, «site» – «жер телімі» құрылыс терминін «сайт» жаңа кірме сөзімен шатастыру оп-оңай.

Ең жиі жіберілетін қате ретінде қазақ тілінде аудармасы бар, шетелдік кірме сөздерді бұрыс қолдану танылады. Тағы бірі – тыңдаушыны ақпараттың маңыздылығымен «тұншықтыру» мақсатында кірме сөздерді асыра пайдалану. Себебі қазақ тілінде аудармасы қалыптасқан сөздің орнына оның шет тілдегі эквивалентін қолданудың мәтіннің сапасы мен аудармашының дәрежесіне нұқсан келтіру қаупі зор. Сонымен, бұл мақалада техникалық мәтіндердің басқаларынан ерекшелігі, оларды аударудың қиындықтары, ағылшын мен қазақ тілінің терминологиясындағы мәселелер құрылыс және сәулет өнері саласының мысалдарын қолдана отырып, талқыланды. Нәтижесінде жиі кездесетін, мәтіннің мағынасына әсер ететін лексикалық, стилистикалық айырмашылықтар атап өтілді.

Әдебиеттер:

1. Miššiková, Gabriela. *Linguistic Stylistics*. Nitra: Filozofická Fakulta Univerzity Konštantína Filozofa, 2003. – 114 б.
2. Барсақбаева А.Б. *Аударма негіздері: оқу-әдістемелік құрал / А.Б. Барсақбаева. Қостанай, 2017. – 14 б.*
3. Паршин А. Н. *Теория и практика перевода. М.: Русский язык, 2000.- 62 б.*
4. Bassnett, Susan. *Translation Studies 3rd Edition*. 1980. New York: Routledge, 2002. – 23 б.
5. Baker, Mona. *In Other Words. A coursebook on translation*. New York: Routledge, 2006. - 15 б.
6. Калыкова З.Ш., *Терминологический англо-русский словарь-справочник для инженерно-строительных и архитектурных специальностей. Алматы: КазНТУ имени К.И.Сатпаева, 2012.*
7. Н.Ж. Майтина, И.М. Макарихина, *Англо-русско-казахский терминологический словарь для студентов архитектурно-строительных специальностей. Павлодар : Кереку, 2008.*

References:

1. Miššiková, Gabriela. *Linguistic Stylistics*. Nitra: Filozofická Fakulta Univerzity Konštantína Filozofa,

2003. – 114 б.

2. Barsakbaeva A.B. *Audarma negizderi: оқу-әdistemelik құрал* / A.B. Barsaқbaeva. Қостанай, 2017. – 14 б.

3. Parshin A. N. *Teoriya i praktika perevoda. M.: Russkij yazyk, 2000.- 62 б.*

4. Bassnett, Susan. *Translation Studies 3rd Edition. 1980. New York: Routledge, 2002. – 23 б.*

5. Baker, Mona. *In Other Words. A coursebook on translation. New York: Routledge, 2006. - 15 б.*

6. Kalykova Z.SH., *Terminologicheskij anglo-russkij slovar'-spravochnik dlya inzhenerno-stroitel'nyh i arhitekturnyh special'nostej. Almaty: KazNTU imeni K.I.Satpaeva, 2012.*

7. N.ZH. Majtina, I.M. Makarihina, *Anglo-russko-kazahskij terminologicheskij slovar' dlya studentov arhitekturno-stroitel'nyh special'nostej. Pavlodar : Kereku, 2008.*

ӘОЖ 372.881.111.1

Жанысбекова Шайзат Тұрақбайқызы
Zhanysbekova Shaizat Turakbaevna

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы
Алматы, Қазақстан
sh_zhanysbekova@mail.ru*

Клычниязова Гульнар Нурғалиевна
Klychniazova Gulnar Nurgaliyevna

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты,
Алматы, Қазақстан*

**I. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАТА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ
РАЗВИТИЕ ПРАГМАТИЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НА ОСНОВЕ
АНАЛИЗА ПРОИЗВЕДЕНИЙ И.ЖАНСУГУРОВА
DEVELOPMENT OF PRAGMATIC ABILITIES OF STUDENTS ON THE BASIS OF
ANALYSIS OF THE WORKS OF I. ZHANSUGUROV**

***Аңдатпа:** Мақалада I.Жансүгіров шығармаларын талдата отырып, оқушылардың прагматикалық қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылады. Прагматика, прагматикалық қабілет ұғымдарының теориялық негіздеріне шолу жасалып, оның прагматикалық тілдік қабілет және коммуникативті прагматикалық қабілет негізінде дамитындығы туралы пікірлер келтіріледі. I.Жансүгіров шығармаларын талдау арқылы прагматикалық қабілеттерді дамыту коммуникативті және прагматикалық, интерактивті тапсырмалары келтіріледі.*

***Түйін сөздер:** прагматика, прагматикалық қабілет, шығарманы талдау, тапсырма, шығармашылық.*

***Аннотация:** В статье рассматривается развитие развитие прагматических способностей учащихся на основе анализа произведений И.Жансугурова. Рассмотрены обзор теоретических основ концепций прагматики, прагматической способности, а также ее развитие на основе прагматической языковой способности и коммуникативной прагматической способности. Даны коммуникативно-прагматические, интерактивные задания на развитие прагматических способностей на основе анализа произведений И. Жансугурова.*

***Ключевые слова:** прагматика, художественный текст, анализ, школа, метод, творчество.*

***Abstract:** The article considers the development of pragmatic abilities of students based on the analysis of the works of I. Zhansugurov. An overview of the theoretical foundations of the concepts of pragmatics, pragmatic competence, as well as its development on the basis of pragmatic linguistic competence and communicative pragmatic competence. Tasks are given on the basis on communicative-pragmatic, interactive tasks on the development of pragmatic abilities through the analysis of the works of I. Zhansugurova.*

***Key words:** pragmatics, literary text, analysis, school, method, creativity.*

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында [1], «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деп ұлттық кодымызды сақтауға үлкен мән береді [2]. Сондықтан, ұлттық кодты сақтау мәселесі орта мектептен бастауы алуы тиіс. Сол үлкен жауапкершіліктің бірі ел тәуелсіздігімен бір қайта оралған халық мұраларын қазақ тілі мен әдебиетінде тың әдістермен терең танытуға басымдылық берілуі арқылы жүзеге

асырылады. Мұндай талаптарға қол жеткізуде оқушылардың қазақ әдебиетінің бай мұрасы арқылы коммуникативтік қабілеттерін, соның ішінде сөйлемді дұрыс құрылымдау, дискурс теориясына негізделген прагматикалық қабілеттерін дамыту кезек күттірмейтін мәселе екендігі анық.

«Прагматика» ұғымының өзі мен жеке тұлғаның прагматикалық құзыреттілігі туралы әртүрлі түсіндірмелер бар. Прагматикалық құзыреттілік прагматикалық тілдік құзыреттілік және коммуникативті прагматикалық құзыреттілік болып екіге бөлінеді [3]. Прагматикалық тілдік құзыреттілік грамматикалық құзыреттілікке негізделген, прагматикалық құзыреттілік коммуникативтік құзыреттілік құрамдас бөлігі ретінде тілді оқытудың маңызды аспектісі болып табылады. Ол айтылымның ситуациялық өзектілігін, әлеуметтік-мәдени контекстін, менталитетін, сөйлеушілердің жасын, білімі мен әлеуметтік жағдайын, сөйлеу конвенцияларының орындылығын ескере отырып, сөйлеу әрекеттерін барабар түсіндіруді қамтамасыз етеді. Коммуникативтік прагматикалық құзыреттілік – тілдік, пәндік, лингвистикалық, прагматикалық құзыреттіліктерді қамтитын бірнеше компоненттерден тұратын табиғи қарым-қатынас немесе арнайы ұйымдастырылған оқыту процесінде алынған тұлғаның ерекше сапасы. Прагматикалық құзыреттілік кәсіби өзара әрекеттесу схемаларына сәйкесінше белгілі бір функционалдық мақсаттарға арналған тілдік құралдарды (іске асыру коммуникативтік қызметтері, сөйлеу әрекеттерінің генерациясы) қолдану қабілетін болжайды. Ол мыналарды қамтиды: 1) дискурсивті құзыреттілік (мәлімдемелер құрастыру, оларды мәтінде біріктіру ережелері туралы білімі); 2) функционалдық құзыреттілік (әртүрлі коммуникативті функцияларды орындауға арналған мәлімдемелер қолдану іскерлігі); 3) сөйлеуді схемалық тұрғыда құрастыру құзыреттілігі. Сонымен қатар тақырыпты, белгілі жаңа ақпаратты, қарым-қатынас стилі мен регистрін, әңгімелесушіге әсер етуді және т.б. ескере отырып, сөйлемдерді біртұтас мәтінге біріктіру қабілеті кіреді. Сондай ақ, сөйлеу жағдаяттарына бейімделу дәрежесі, диалогты жүргізе білу, мәлімдеме тақырыбының дамуы, мәлімдеменің тұтастығы мен үйлесімділігі аспектілерін де қамтиды [4].

Оқушылардың аталған прагматикалық құзыреттілік деңгейін дамытуға шығармаларды талдау арқылы қол жеткізуге болады. А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Ә.Үсенов, М.Қаратаев, Ш.Кәрібаев, А.Көшімбаев, Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшолақов, Қ.Тасболатов, Ә.Дайырова, С.Тілешева, С.Қалиев, Т.Жұмажанова, Б.Әрінова, Г.Құрманбаева сынды т.б. әдіскер ғалымдардың жазған еңбектерінде шығарма талдау жайы жөнінде пікірлер айтылады [5]. Ғалымдардың еңбектерінде шығармаларды талдаудың нысанына жататын құрамдас элементтер - шығарманың жазылу, шығу тарихы, балама нұсқалары, тақырыбы, идеялық мазмұны, композициясы, сюжеті, кейіпкерлер әлемі, олардың өзара қарым-қатынасы, суреттеу құралдары, жанрлық, стильдік, тілдік ерекшеліктері, қазіргі және бұрынғы өткен көркем әдебиетпен байланысы, қандай әдеби бағытқа жататыны, ақын, жазушы шығармашылығының халықтық сипатының көрінісі, қоғамдық және тарихи-әдебиеттік маңызына назар аударылады.

Соның ішінде І.Жансүгіров шығармаларын талдасақ, негізгі тақырыптары өмір шындығы, тарихи оқиғалар, ұлт тағдыры баяндалады. Ақын «Арман», «Көңілдің жүгірісі», «Өзіме», «Сәлемдеме», «Замандасқа», «Талғамалар», «Жаңылғаным» өлеңдерінде қоғамдық, саяси теңсіздікті көрсетіп, оқу-ағарту, білімге шақыру, өнерге, еңбекке үндеу мәселелерін көтерген, әр шығармасында тілінің көркемдігі, сөз образдарының байлығы арқылы сөзбен сурет салған десек те болады.

І.Жансүгіров шығармаларын талдау арқылы прагматикалық құзыреттілікті дамытудың мақсаты - оқушыларды лингвистикалық құралдарды тіл нормалары тұрғысынан ғана емес, І.Жансүгіров шығармаларындағы тілдің көркемділігін және сөз образдарының байлығын ескере отырып, коммуникативтік құзыреттілікке сәйкес дұрыс пайдалануға үйретуге деген ниет болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мұғалімдер социопрагматикалық тапсырмалардың екі түрін қолдануы керек: коммуникативті-прагматикалық және интерактивті. Коммуникативті-прагматикалық тапсырмалар белгіленген коммуникативті мақсаттарға, контексттің мазмұны мен ерекшеліктеріне сәйкес сөйлеу мінез-құлқындағы әлеуметтік-мәдени стратегияларды таңдау және қолдану бойынша жаттығуды қамтиды.

Коммуникативті және прагматикалық тапсырмаларға мыналар жатады:

- сөйлеушінің сөйлеу әрекетінің прагматикалық мақсатын тану және жүзеге асыру;
- адекватты әлеуметтік-мәдени жағдайда сөйлеу мінез-құлқының этикет формулаларын қолдану;
- таңдап алынған тілдің және сөйлеу құралдарының коммуникативті қолайлылығын болжау және тұжырым жасау;
- сөйлеу мінез-құлқының адекватты емес нұсқасын мәдениетке сай нұсқамен ауыстыру;
- сөйлеу әрекетінің вербалды емес құралдарын қолдану;

- әлеуметтік және мәдени қолайлы сөйлеу тәртібін таңдау және жүзеге асыру [6, б. 5].

Интерактивті тапсырмалар мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында шынайы сөйлеу әрекетін модельдеу үшін барабар әлеуметтік-мәдени стратегияларды қолдануға және өзгертуге бағытталған. Бұл типтегі тапсырмалар еркін сипатта болады және тілдік қарым-қатынастың өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайында сөйлеу әрекетінің коммуникативтік икемділігін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушыларды әңгімелесушінің мәлімдемеге реакциясын талдауға және осы ақпарат негізінде қарым-қатынастың одан әрі бағытын анықтауға үйрету қажет. Бұл жағдайда сәйкес дағдыларды қалыптастыру процесінде келесі лингводидактикалық жоспарлауды жүзеге асыруға болады:

1. Коммуникативті актінің прагматикалық қызметтеріне сәйкес клише тіркестерін оқып-үйрету. Оқушылардың негізгі міндеттеріне зерттелген клишелерді пайдалана отырып, мәлімдемеге кері байланыс жасау кіреді. Ұйымдастыру формасы бойынша, бұл жұптық жұмыс болуы мүмкін: бір оқушы тізімде көрсетілген функциялардың біріне сәйкес келетін белгілі бір сөз тіркесі жазылған картаны шығарады. Мысалы, І.Жансүгіровтың Құлагер поэмасындағы «Туған жер» тарауында жазушының өзін, лирикалық кейіпкер ретіндегі тебіренісін, өз сырын, өз монологын берсек: *«Көк орман, көркем тоғай, маужыраған, Сұлудың көзіндей көл жаудыраған. Малта тас, маржан ақық, меруерт тас, Төгіліп көл жиекке саудыраған. Көк кілем балаусасы балбырағын, Ақ жібек жапырағы жалбырағын. Ақ қанат аспандағы сонда жауып, Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған.»*

Осы монологты оқушы серіктесіне оқиды, ол мүмкін болатын коммуникативті әрекет функцияларының біріне сәйкес жауап беруі керек. Бастапқыда бұл функция бір картада көрсетілуі мүмкін (мысалы, «таңдану», «сұраныс құрастыру» және т.б.), кейінірек оқушыдан жауаптың қай түрі айтылған сөз тіркесінің мағынасына көбірек сәйкес келетінін өз бетінше анықтауды сұрауға болады. Бірінші фразаны сөзбе-сөз емес, прагматикалық функцияны сипаттау түрінде («сұрау», «рахмет айту» және т.б.) беруге болады [1, б. 24].

2. Екінші кезеңде жауапты талдау қабілетінің қалыптасуы басталады. Бастапқыда барлық мүмкін болатын шарттарды алдын ала оқушыларға белгілеп, білуге болады. Сонымен, әңгімелесуші айтылған сөзге таңғалумен немесе түсінбеушілікпен, қарсылықпен жауап беруі керек. Бірінші оқушы әңгімелесушісіне нақты ненің түсініксіз екенін, таңғалуға, қарсылыққа не себеп болатынын және т.б. анықтауы керек. Осындай тренингтен кейін екі әңгімелесушіге кездейсоқ карталарды таңдауға ойын ұйымдастыруға болады, яғни оның ішінде бірінші картаға сөз тіркесінің функционалдық сипаттамасы, екіншісіне - әңгімелесушінің жауабы беріледі. Мәселен, қазақ қиялындағы ең жақсы ат боп суреттелген Құлагер белгілі ат сыншысы Күренбайдың көзімен беріледі. *«Мақтаған жануарың осы ма?»* - деп, Ақанды күлкі қылады. Құлагердің алдынан аң құтылмас, артынан жылқы жетпес өрен жүйріктігін бірден танып, *«Тәует бас, қамыс құлақ, құраған жақ, Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқынишақ. Қоян жон, жазық жая, жауырынды, Құс топшы, қос шынтағы қалыңқырақ...»* - деп, эпитет, теңеу жасағанда құлан, бұлан, қой, қоян, құс, түлкі, тазы, ит тәрізді табиғат төсіндегі еркін тіршілік иелерінің қасиеттерін, солардың мүше бітімін алады. Ілияс халық фольклоры, классик ақын дәстүріне сүйене отырып, ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы күйетін ұзақ жерге шабатын өрен жүйрікті сипаттап берді.

Әңгімелесушілер серіктесінің картасында не жазылғанын білмеуі мүмкін. Сонымен қатар, комбинацияның мүмкін болатын қиялына қарамастан, реципиент өз реакциясын мүмкіндігінше дәлелді және нанымды көрсетуі керек, ал коммуникант оны талдай отырып, бір немесе екі сөз тіркесімен өзара әрекетті логикалық түрде жалғастырады. Сондай-ақ тіректерге негізделген диалогтар құруға болады, бірақ тірек ретінде дайын фразалар емес, өзара әрекеттесу құрылымының функционалдық сипаттамалары ұсынылады [5].

3. Үшінші кезеңде қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени контекстен кері байланыс түрі мен әдісінің тәуелділігін белгілеген жөн. Белгілі бір коммуникативтік жағдаятқа лексикалық-грамматикалық құралдарды таңдау кері байланыстың вербалды және вербалды емес сипатының ерекшеліктерін анықтайды [4]. Оқу-тәрбие процесінде бір-бірімен әртүрлі қарым-қатынаста болатын қатысушылар арасындағы диалогтармен жұмыс жасау өте тиімді. Біріншіден, сөйлеу этикетінің әртүрлі бірліктері қарым-қатынасқа қатысушылар қабылдайтын әлеуметтік рөлдерге байланысты қолданылады. Мұнда әлеуметтік рөлдердің өзі де, олардың әлеуметтік иерархиядағы салыстырмалы орны да маңызды. Әр жеке жағдайда әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері арасындағы сөйлеу этикеті бірліктерін қолданудағы айырмашылықтар жинақталады. Мәселен, *Құлагер поэмасындағы сол заманғы жауыздықтың өкілі Батыраш рөлі мен жалғыздықпен дос болған Арқаның еркесі Ақан рөліндегі сөйлеу этикеттерін келтіруге* болады.

І.Жансүгіров шығармаларын талдау мен оқытудың кейінгі кезеңі жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі формаларының үлкен таңдауын қамтамасыз етеді, олар да өзара әрекеттестіктің стихиялылығын, сәйкесінше кері байланысты орнату және жүзеге асыру мүмкіндігін дамытуға ықпал етеді. Біріншіден, пікірталас (мысалы, ток-шоу, іскерлік әңгіме) болады. Ол өзара әрекеттесуді табиғи қарым-қатынас жағдайларына жақындатады. Екіншіден, пікірталас бар жұмыстың бұл түрі кері байланысты орнату және кері байланысты талдау қабілетін мақсатты түрде қалыптастырады және дамытады.

Бұл жағдайда полемика мәдениетінің өзі осы дағдыларды дамытуға көмектеседі, бұл кезде қарсыластар айтылған дәлелдерге адекватты түрде жауап беруі, оларды сенімді түрде теріске шығаруы және қарсылас команда өз кезегінде әрекет етуі керек қарсы дәлелдер келтіруі керек. Сонымен қатар, ойын барысында спикерлерге командалар мен көрермендер тарапынан сұрақтар қойылады. Соңында жобалық іс-шаралардың тұсаукесері болады. Оқушылар, өз қызметінің нәтижелерін көрсете отырып, ол туралы аудиторияға негізді және анық айтып, туындаған сұрақтарға жауап беруі, олардың хабарламасының дұрыс түсінілгеніне көз жеткізуі керек.

Қорыта келе, І.Жансүгіров шығармаларын талдау арқылы прагматикалық қабілеттің тиімді қалыптасуына мұғалімнің оқытудың белсенді әдістерін қолдануы, сабақта кәсіби қарым-қатынастың шынайы жағдайларына барынша жақын жағдай жасауы ықпал етеді деп тұжырымдаймын.

Әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы*
2. *Мемлекет басшысының «Болашаққа бетбұрыс: рухани жаңғыру» атты мақаласы. - Астана, 2017 //http://www.akorda.kz2018.12.04.*
3. *Алкебаева Дина Ақбергемқызы. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Алматы, 2006, 270 б.*
4. *Арутюнова Н.Д., Падучева Е.В. Истоки, проблемы и категории прагматики. // НЗЛ. Вып. XVI. Лингвистическая прагматика. – М.: Прогресс, 1985. – 501с, .3 – 42 б.*
5. *Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 141 б.*
6. *Азнаурова Э.С. Прагматика художественного слова. – Ташкент: Фан, 1988. – 121 б.*

References:

1. *Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы*
2. *Мемлекет басшысының «Болашаққа бетбұрыс: рухани жаңғыру» атты мақаласы. - Астана, 2017 //http://www.akorda.kz2018.12.04.*
3. *Alkebaeva Dina Akbergenkyzy. Kazakh tili stilistikasynyn pragmatikasy. Almaty, 2006, 270 p.*
4. *Arutyunova N.D., Paducheva E.V. Istoki, problemy i kategorii pragmatiki. // NZL. Vyp. XVI. Lingvisticheskaya pragmatika. – М.: Progress, 1985. – 501s, .3 – 42 p.*
5. *Teliya V.N. Konnotativnyj aspekt semantiki nominativnyh edinic. – М.: Nauka, 1986. – 141 p.*
6. *Aznaurova E.S. Pragmatika hudozhestvennogo slova. – Tashkent: Fan, 1988. – 121 p.*

ӘОЖ 004.75

Сатов Бейбіт Қайратұлы
Сатов Бейбит Қайратұлы
Satov Veibit Kairatuly

*Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 2 курс магистранты,
Тараз, Қазақстан
satovbeibit98@mail.ru*

Жидекулова Гулкыз Егеновна
Жидекулова Гулкыз Егеновна
Zhidekulova Gulkyz Egenovna

*техника ғылымдарының кандидаты,
Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз, Қазақстан
gul2006@mail.ru*

ТОПЫРАҚТЫҢ ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ ҚҰРАМЫН АНЫҚТАЙТЫН SMART ЖҮЙЕСІ

SMART СИСТЕМА ДЛЯ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ВЛАЖНОСТИ И СОСТАВА ПОЧВЫ

SMART SYSTEM FOR DETERMINING MOISTURE AND SOIL COMPOSITION

Аңдатпа: Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты топырақтың ылғалдылығын және құрамын анықтайтын, жеміс дақылдары үшін тиімді микроклиматты жасайтын SMART жүйесін қарастыру. Заттар интернетіне (IoT) негізделген ақылды жылыжай жүйесінің жалпылаған моделін және инфологиялық моделін, микроклиматты бақылау алгоритмін және бағдарламасын қарастыру.

Түйін сөздер: Smart жүйе, заттар интернеті (IoT), ақылды жылыжай, микроклиматтық жүйе, Arduino Uno микроконтроллері.

Аннотация: Основной целью научной статьи является рассмотрение системы SMART, определяющей влажность и состав почвы, создающей эффективный микроклимат для плодовых культур. Рассмотреть обобщенную модель и инфологическую модель системы умной теплицы на основе интернета вещей (IoT), алгоритм и программу мониторинга микроклимата.

Ключевые слова: Smart система, интернет вещей (IoT), умная теплица, микроклиматическая система, микроконтроллер Arduino Uno.

Abstract: The main purpose of the scientific article is to consider the SMART system, which determines the moisture and composition of the soil, creating an effective microclimate for fruit crops. Review of the generalized model and infographic model of intelligent greenhouse system based on the Internet of Things (IoT), microclimate control algorithm and program.

